

**Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 11/40 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қазанда № 4119 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2022 жылғы 14 қазандағы № 9/19 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 14.10.2022 № 9/19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" № 1106 Қаулысына сәйкес, Май аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырган Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің Қағидалары бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Май ауданы Көктүбек ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы тұрғындарының жалпы санынан 1 (бір) % мөлшерде бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың индустрiadы-инновациялық даму және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

А. Жетыбаева

Аудандық мәслихатының  
хатшысы

Ғ. Арынов

Май аудандық мәслихатының  
(V сыйланған XL (кезекті)  
сессиясы) 2014 жылғы  
29 қыркүйектегі  
№ 11/40 шешімімен  
Бекітілген

**Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің  
аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық  
жындарын өткізудің Қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізудің Қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы "Бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" № 1106 Қаулысына сәйкес әзірленді және Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізу үлгі қағидаларын белгілейді.

2. Май ауданы Көктүбек ауылдық округі аумағында ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жыныны (бұдан әрі - бөлек жын) жергілікті қоғамдастықтың жынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жынды Көктүбек ауылдық округінің әкімі шақырады.

Май ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жынынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жынның шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауылдар шегінде бөлек жынды өткізу үлгі Көктүбек ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жынды ашудың алдында Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің тиісті ауылдардың қатысып отырған және оған қатысу құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жынды Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Май ауданы Көктүбек ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Май ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қагидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Көктүбек ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК